

Бірімжанов Жағыпар

1912 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында туған. Әскерге дейін колхозда жұмыс істеген. 1941 жылы шілде айында Торғай АӘК-нан әскер қатарына шақырылып, соғыста 472-атқыштар полкі құрамында, 100-атқыштар батальоны құрамында болған. Белоруссия, Украина майдандарына, Польша қалаларын жаудан азат ету ұрыстарына қатысқан. Жауынгерлік II дәрежелі «Отан соғыс» орденімен, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Әскер қатарынан 1945 жылы босап елге келген. 1998 жылы қайтыс болған.

